4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының жұмылдыру қажеттіктерін және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Мемлекеттік резервтегі астықты сақтау және өңдеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар

!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !

!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !

!коды !ның ! ! !дері !

! !коды ! ! ! !

-------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------

1 047 Мемлекеттік Мемлекеттік азық- Жыл Қазақстан
резервтегі түліктік астық бойында Республика.
астықты резервін лицензия. сының Ауыл
сақтау ланған астық қабылдау шаруашылығы
кәсіпорындарында министрлігі
сақтау: 500 мың тонна
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: елдің жұмылдыру мұқтаждары мен азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленген мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің 100 % сақталуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 127 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
___________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Ауыл шаруашылық дақылдарын тұқымдық сынау" 048 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 64 631 мың теңге (алпыс төрт миллион алты жүз отыз бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 3-бабы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Селекциялық жетістіктерді сынау және қорғау" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 ақпандағы N 204 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының бағынысындағы мемлекеттік мекемелердің штаттағы қызметкерлер саны лимитін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары өнімді сорттарымен толықтыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: өнімді және сапасы бойынша құнды сорттарды айқындау, патенттік қабілеттілік пен шаруашылыққа пайдалылық жағдайының селекциялық жетістігіне сәйкестігі туралы қорытынды беру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар

!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !

!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !

!коды !ның ! ! !дері !

! !коды ! ! ! !

-------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------

1 048 Ауыл шаруа.

шылығы дақыл.

дарын тұқым.

дық сынау

030 Ауыл шаруа. Қазақстан Республи. Жыл Қазақстан

шылық дақыл. касында пайдалануға бойында Республика.

дарының тұ. жіберілген селекция. сының Ауыл

қымын сынау лық жетістіктердің шаруашылығы

жөніндегі мемлекеттік тізілі. министрлігі

мемлекеттік міне енгізу мақса. Ауыл шаруа.

комиссия, тында 5500-6000 шылығы да.

облыстық сорттық тәжірибе қылдарын

инспекторлар жүргізу арқылы 55-62 тұқымдық

ауыл шаруашылығы сынау жөнін.

дақылдары бойынша дегі мемле.

анағұрлым өнімді кеттік ко.

және сапасы бойынша миссия, об.

құнды сорттарды лыстық инс.

анықтау үшін 17325 пектуралар

га алқапта агротех.

никалық іс-шаралар

кешенін жүргізу ар.

қылы ауыл шаруашылығы

дақылдарының патент.

тік қабілеттілігі

мен шаруашылыққа
пайдалылығына сорт
сынау жүргізу үшін
штаттағы қызметкерлер
саны 34 адамнан
тұратын "Ауыл шаруа.
шылығы дақылдарының
сортын сынау жөніндегі
мемлекеттік комиссия",
штаттағы қызметкерлер
саны 214 адамнан
тұратын ауыл шаруа.
шылығы дақылдарының
сортын сынау 12 облыс.
тық және 3 аймақтық
инспектуралар мемле.
кеттік мекемелерін
ұстау.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: 55-62 ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша анағұрлым өнімді және сапасы бойынша құнды сорттарды анықтау және Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізу нәтижесінде өсімдік шаруашылығы өнімінің түсімділігі мен сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 128 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

______________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Мемлекеттік астық резервін ауыстыру"**
**051 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 21 000 мың теңге (жиырма бір миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 11, 12-баптары ; " Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы

5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастырудың, сақтаудың және пайдаланудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің сақталуын және республиканың жұмылдыру мұқтаждарын қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік азық-түліктік астық резервінің бір бөлігі жеке меншік астық қабылдау кәсіпорындарынан мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің басқарудағы элеваторға орын ауыстыруы.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар

!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !

!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !

!коды !ның ! ! !дері !

! !коды ! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 051 Мемлекеттік 24 901 тоннаға дейін Жыл Қазақстан

астық резер. мемлекеттік азық- бой. Республика.

він ауыстыру түліктік астық ре. ында сының Ауыл

зервінің жеке мен. шаруашылығы

шік астық қабылдау министрлігі

кәсіпорындарынан

мемлекеттік астық

ресурстарын басқару

жөніндегі агенттің

басқаруындағы элева.

торларға орын ауыс.

тыруы.

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: мемлекеттік резервтегі азықтық астықтың сақталуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1429 қаулысына 129 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

___________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Құнарлылық мониторингін жүргізу және топырақтың химиялық құрамын анықтау" 052 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 80 000 мың теңге (сексен миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 10-бабы ; "Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңының 115-бабы ; " Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: топырақтың құнарлылығын арттыру және ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: топырақ құнарлылығының жай-күйі өзгеруін уақытылы анықтау, топырақтың құнарлылығын бағалау, қалпына келтіру, сондай-ақ минералдық тыңайтқыштардың экономикалық қолайлы дозаларын қолданып егістікті тиімді пайдалану жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

-------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар
!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !
!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !
!коды !ның ! ! !дері !
! !коды ! ! ! !

-------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-------------------------------------------------------------

1 052 Топырақ Топырақта қоректік II-III Қазақстан
құнарлылы. заттардың жылжымалы тоқсан. Республика.
ғының мони. нысандары болуына дар сының Ауыл
торингін талдау жүргізу үшін шаруашылығы

жүргізу 1333,3 мың гектар министрлігі
және химия. алаңнан топырақ
лық құрамын сынамаларын таңдап
анықтау алу;
Үлгілерді зертхана II-IV
жағдайында талдау; тоқ.
сандар
Зерттелетін алаң II-IV
бойынша агрохимия. тоқ.
лық картограммалар сандар
жасау;
Топырақтың құнарлы. II-IV
лығын арттыру және тоқ.
минералдық тыңайт. сандар
қыштарды тиімді
пайдалану жөнінде
ұсынымдар әзірлеу.
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: топырақ-агрохимиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша алынған деректердің негізінде топырақтың құнарлылығын арттыру және минералдық тыңайтқыштарды ұтымды пайдалану жөнінде ұсынымдар.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
130-қосымша

ЕСКЕРТУ. 130 қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
_____________________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**
**"Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру"**
**054 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 621 936 мың теңге (алты жүз жиырма бір миллион тоғыз жүз отыз алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңғырту және Даму Банкі арасындағы 1996 жылғы 25 маусымдағы N 4041 - KZ заем туралы келісім; "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңғырту және Даму Банкі арасындағы 1996 жылғы 25 маусымдағы N 4041 - KZ заем туралы келісімді (Жерді суландыру және кәріздік жүйелерді жетілдіру жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қыркүйектегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; "Жерді суландыру және кәріздік жүйелерді жетілдіру жөніндегі Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта жаңғырту және Даму Банкі арасындағы 1996 жылғы 25 маусымдағы N 4041 - KZ заем туралы келісімнің күшіне енуіне арналған жағдайларды іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 1237 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты, оның ішінде үкіметтік сыртқы займ қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: суландыру және кәріздік жүйелерді қайта жаңғырту арқылы Қазақстан Республикасында тұрақты түрде суармалы ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экологиялық нормалар мен талаптарды енгізуді, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу мен басқару және суару жүйелерін пайдалану әдістерін жетілдіру, ақпараттық қызмет көрсетуді, сондай-ақ агротехника мен суарудың үздік тәсілдерін үйретуді ескере отырып қолда бар суландыру және кәріздік жүйелерді қайта жаңғырту және жақсарту арқылы 32 090 гектар алқапта суармалы егіншіліктің тиімділігін қайта қалпына келтіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:

```
-----------------------------------------------------------------
N|Бағдар.|Кіші |Бағдарла.| Бағдарламаны (кіші | Іске | Жауапты
|ламаның|бағ. | маның | бағдарламаны) |асыру.|атқарушылар
| коды |дар. | (кіші | іске асыру жөніндегі| дың |
| |лама.|бағдарла.| іс-шаралар | мер. |
| |ның | маның) | | зім. |
| |коды | атауы | | дері |
-----------------------------------------------------------------
1| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7
-----------------------------------------------------------------
1 054 Ирригация
және
дренаж
```

жүйелерін
жетілдіру
080 Сыртқы Құрылыс-монтаж жұмыс. Жыл Қазақстан
қарыздар тарының барысын бойын. Республикасы.
есебінен техникалық қадағалау. да ның Ауыл
жобаны ды және қабылданған шаруашылығы
іске жобалық шешімдердің министрлігі,
асыру бұзылмауын бақылауды
жүзеге асырғаны үшін
"МоттМакДональд/
Темелсу" компаниясы.
ның қызметіне ақы
төлеу;
Егістік алқапта мони. IV Қазақстан
торингілік зерттеулер тоқсан Республикасы.
жүргізу құрал жабдық. ның Ауыл
тарын және лаборато. шаруашылығы
риялық, офистік, министрлігі;
агрометеорологиялық жеткізуші
құрал жабдықтар,
бағалау есептерінің
негізінде гидргеоло-
мелиоративтік
экспедициялар үшін
автомашиналар (6
бірлік) сатып алу;
Мамандарды мемлекет. III Қазақстан
аралық стандарттарға тоқсан Республикасы.
сай сатып алу ның Ауыл
рәсімдерін оқыту шаруашылығы
министрлігі;
Әлемдік Банк
081 Ішкі Қайта жаңғырту объек. Қазақстан
көздер. тілері бойынша Республикасы.
дің құрылыс-монтаж жұмыс. ның Ауыл
есебінен тарын аяқтау: шаруашылығы
жобаны министрлігі
іске
асыру

- Қарағанды облысын. II Қытай геоин.
дағы "Красная Поляна" тоқсан женерлік
(915 га); Корпорациясы
- Батыс Қазақстан III
облысындағы "Шаған/ тоқсан "Тоған" ЖАҚ
Жайық" (1224 га);
- Батыс Қазақстан
облысындағы III
"Дусупово" (991 га); тоқсан "Тоған" ЖАҚ
- Алматы облысындағы IV "Булент
"Дархан" (867 га); тоқсан Каракоч"
Компаниясы
- Шығыс Қазақстан IV "Импреджило"
облысындағы "Күршім" тоқсан СпА
(3037 га);
Егістік алқапта Жыл Қазақстан
мониторингілік бойын. Республикасы.
зерттеулер жүргізу да ның Ауыл
құрал жабдықтарын шаруашылығы
және лабораториялық, министрлігі;
офистік, агрометеоро. жеткізуші
логиялық құрал
жабдықтар, бағалау
есептерінің негізінде
гидргеоло-мелиоратив.
тік экспедициялар
үшін автомашиналар
(6 бірлік) сатып
алу;
Мердігерлік ұйымдар Жыл Қазақстан
мен "МоттМакДональд/ бойын. Республикасы.
Темелсу" компаниясы. да ның Ауыл
ның қосымша құн шаруашылығы
салығын төлеу. Құрал министрлігі
жабдықтар сатып алуға
қосымша құн және
кедендік баж салығын
төлеу.
1999-2001 жылдары

жүргізілген жұмыстар.
дың ҚҚС-ын өтеу.
101 Ішкі Жобаны іске асыру Жыл Қазақстан
көздер. үшін 12 адам жергілік. бойын. Республикасы.
ден ті консультанттарды да ның Ауыл
жобаны тарту шаруашылығы
басқаруға министрлігі
жәрдем.
десу үшін
жергілік.
ті кон.
сультант.
тардың
қызметтер
көрсетуін
сатып алу
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындауда күтілетін нәтижелері: "Жерді суландыру және кәріздік жүйелерді жетілдіру" Жобасы шеңберінде суармалы жерлерді қалпына келтіру қайта қалпына келтірілген жерлердің өнімділігін арттыру, суландыру және кәріздік жүйелерді жаңғырту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 131 қосымша

ЕСКЕРТУ. 131 қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
_______________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және жерді қалпына келтіру" 055 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 881895 мың теңге (сегіз жүз сексен бір миллион сегіз жүз тоқсан бес мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы N 1592-KAZ және N 1593 -KAZ (SF) заемдары туралы келісімдер; "Қазақстан Республикасы мен Азия Даму Банкі

арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы N 1592/1593(SF) - KAZ заемдары туралы келісімдерді ("Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және жерді қалпына келтіру" жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында тұрақты суармалы егіншілікті дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экологиялық нормалар мен талаптарды енгізуді, қайта жаңғыртылған суландыру және кәріздік жүйелерді су пайдаланушылар бірлестіктеріне беру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету, агротехника мен суару тәсілдерін үйретуді ескере отырып суландыру және кәріздік жүйелерді қайта жаңғырту және жақсарту арқылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында 39,2 мың гектар алқапта суармалы егіншілікті қалпына келтіру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Баг. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !баг. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар

!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !

!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !

!коды !ның ! ! !дері !

! !коды ! ! ! !

---------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1 055 Су ресурс.
тарын бас.
қаруды же.
тілдіру
және жерлер.
ді қалпына
келтіру
080 Жобаны МоттМакДональд фир. Жыл Қазақстан
сыртқы заем. масының консульта. бойында Республика.
дар есебінен циялық қызметіне сының Ауыл
іске асыру ақы төлеу (құрылыс. шаруашылығы
ты қадағалау, инс. министрлігі

пекторларды, клерк.
терді ұстау, қолдау
тобының жұмысы,
оқыту);
Жетісайда зертхана
ғимаратын жөндеу.
081 Жобаны ішкі Қосымша құн салығы. Жыл Қазақстан
көздер есе. на, тауарлар, жұ. бойында Республика.
бінен іске мыстар мен қызмет. сының Ауыл
асыру тердің кедендік шаруашылығы
баждарына, кедендік министрлігі
алымдарға ақы; жоба.
ның 1-кезеңі бойынша
23868 гектар алқапта
құрылыс жұмыстары;
жобаның 2-кезеңі
бойынша 15391 гектар
алқапта құрылыс
жұмыстары;
шетелдік валютамен
операциялар жүргізуге
арналған лицензияны
алуға байланысты
шығындар.
101 Жобаны басқа. Жобаны іске асыру Жыл Қазақстан
руға жәрдем үшін 9 адам көлемінде бойында Республика.
көрсету үшін жергілікті консуль. сының Ауыл
ішкі көздер. танттарды тарту. шаруашылығы
ден жергілік. министрлігі
ті консуль.
танттардың
ішкі көздер
жобасын бас.
қаруға қолдау
көрсетуге
арналған
қызметін
сатып алу
102 Құрылыс және МоттМакДональд фирма. Жыл Қазақстан

ішкі көздер. масының консультация. бой. Республика.
ден қызмет лық қызметіне ақы ында сының Ауыл
көрсету мер. төлеу (құрылысты қа. шаруашылығы
зімі кезінде дағалау, инспекторлар министрлігі,
бөлшектік жо. ды, клерктерді ұстау, "МоттМак.
балауды, тех. қолдау тобының жұмысы, Дональд/
никалық када. оқыту). Темелсу" БК
ғалауды жүзеге
асыру үшін
консультация.
лық қызметпен
қамтамасыз ету
-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: Түсімділіктің ұлғаюы, жобалық есептеулер бойынша таза табыстың 28%-ке артуы, халықты жұмыс пен қамтудың 21 %-ға өсуі, жоба бойынша күрделі қаржының тиімділігі 26% құрауы тиіс. Мақтаның түсімділігі гектарынан 15,5-тен 25 центнерге, күздік бидайдікі 25-тен 36 центнерге, дән жүгерінікі 17-ден 54 центнерге, жоңышқанікі 34,3-тен 89 центнерге көтеріледі. Су ресурстарын үнемдеу кезең сайын жылына 16,9-дан 23,1 миллион текше метрді құрайды. Жүйенің пайдалы әсер коэффициенті 0,60-тан 0,80-ге жеткізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 132 қосымша

ЕСКЕРТУ. 132 қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

___________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Ауыл шаруашылығын жекешелендіргеннен кейін қолдау жөніндегі жоба" 057 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4620 мың теңге (төрт миллион алты жүз жиырма мың теңге). <*>

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы 1998 жылғы 23 маусымдағы N 4331 - KZ келісім; "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы" 1998 жылғы 23 маусымдағы N 4331 - KZ келісімді (Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау жобасы) бекіту

туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстандағы аграрлық кәсіпорындардың экономикалық және қаржылық тұрақтылығын арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жаңадан қалыптасушы ауылдық кәсіпорындар үшін ақпаратқа, консультацияларға және оқытуға қол жеткізуді қамтамасыз ету; коммерциялық банкілердің несие ресурстарына ауыл кәсіпорындарының қол жеткізе алуына көмек көрсету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар

!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !

!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !

!коды !ның ! ! !дері !

! !коды ! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 057 Ауыл шаруа.

шылығын же.

кешелендіру.

ден кейінгі

қолдау

101 Жобаны бас. Жобаны іске асыру Жыл Қазақстан

қаруда көмек үшін мөлшері 4 бойында Республика.

көрсету үшін адам жергілікті сының Ауыл

жергілікті кеңесшілерді тарту шаруашылығы

кеңесшілер министрлігі

көрсететін

қызметтерді

ішкі көздер.

ден сатып

алу

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: ауылдық жерлерде консультациялық желілердің негізін құру, экономикалық жағынан орнықты ауылдық кәсіпорындардың санын көбейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 133 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

___________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Бірегей тұқымдық өндіруді субсидиялау"**
**058 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 64 800 мың теңге (алпыс төрт миллион сегіз жүз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын және өсімдік шаруашылығында өндірілген өнімдердің сапасын арттыру, тұқым шаруашылығын қалпына келтіру және дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:

- Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының оригиналдық тұқымдарын элиталық тұқымдар мен бірінші ұрпақ будандарын тездетіп алу үшін қажетті көлемде және ассортиментте өндіру;

- элиталық тұқым өндіру үшін элиттұқшарларды ауыл шаруашылығы дақылдарының оригиналдық тұқымдарымен толық көлемде қамтамасыз ету, ғылыми негізделген нормаларға сәйкес сорталмасу және сортжаңарту жүргізу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді тұқыммен қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

```
---------------------------------------------------------------
N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар
!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !
!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !
!коды !ның ! ! !дері !
```

! !коды ! ! ! !

------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

------------------------------------------------------------

1 058 Бірегей Қазақстан Республи. Жыл Қазақстан
тұқымдық касының Үкіметі бел. бойында Республика.
өндіруді гілейтін тәртіппен сының Ауыл
субсидиялау 5,0-5,1 мың тонна шаруашылығы
оригиналдық тұқым министрлігі
өндірісі шығындарын
ішінара (40 %-ға
дейін) өтеу.

------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері:

- оригиналдық тұқым өндіруді қамтамасыз ету;
- элиталық тұқым өндіру үшін элиталық тұқым өндіруші шаруашылықтарды ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің оригиналдық тұқымдарымен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 134 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

____________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Ауыл шаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс техникаларын мемлекеттік тіркеу" 060 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 47 598 мың теңге (қырық жеті миллион бес жүз тоқсан сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Заңының 18 -бабы ; Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Салық кодексі; " Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: доңғалақты тракторлардың құрамында қозғалуға арналған доңғалақты тракторлардың базасында жасалған шассилер мен механизмдерді және тіркемелерді қоса, доңғалақты тракторлардың жол қозғалысына қатысуына рұқсат беру бойынша заңнамада белгіленген мемлекеттік функцияларды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс техникасының есебін алуды жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: доңғалақты тракторлардың, олардың тіркемелерін және өзге де өзі жүретін машиналарды мемлекеттік тіркеу үшін мемлекеттік тіркеу нөмірлерінің белгілерін, техникалық паспорттарын дайындауды және іске асыруды ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар
!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !
!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !
!коды !ның ! ! !дері !
! !коды ! ! ! !

---------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

---------------------------------------------------------------

1 060 Ауыл шаруа.
шылық, мелио.
ративтік және
жол-құрылыс
техникаларын
мемлекеттік
тіркеу
2 030 Техникалық Қазақстан Республика. Жыл Қазақстан
паспорттар сының Ауыл шаруашылы. бойында Республика.
дайындау ғы министрлігі бекіт. сының Ауыл
кен нысан бойынша шаруашылығы
үлгілерге сәйкес тех. министрлігі
никалық паспорттардың
405 110 бірлігін
сатып алу.
031 Мемлекеттік "Көлік құралдары мен Жыл Қазақстан
тіркеу нө. олардың тіркемелеріне бойында Республика.
мірлік бел. арналған жарық қайтар. сының Ауыл

гілерін ғышпен әрленген мемле. шаруашылығы
дайындау кеттік тіркеу белгіле. министрлігі
рі" Қазақстан Респуб.
ликасының СТ 986-95
және "Көлік құралдары.
на арналған тіркеу
нөмірлік белгілерін
дайындау" Қазақстан
Республикасының ТУ
640 3042787-1-95
стандартына сәйкес
келетін мемлекеттік
тіркеу нөмірлерінің
31970 бірлігін сатып
алу.
------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: дөңгелекті тракторлардың құрамында қозғалуға арналған дөңгелекті тракторлардың базасында жасалған шассилер мен механизмдерді және тіркемелерді қоса, дөңгелекті тракторлардың жол қозғалысына қатысуына рұқсат беру бойынша заңнамада белгіленген мемлекеттік функцияларды іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс техникасының есебін жүзеге асыру; арнайы өнімді дайындау Қазақстан Республикасының бүкіл машина-трактор паркіне тіркеу құжаттарын және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беріп мемлекеттік тіркеу мен есебін жүргізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына
135-қосымша

ЕСКЕРТУ. 135-қосымша жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

---

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған**

**062 "Аграрлық кредит корпорациясы" ЖАҚ ауылдық несие серіктестіктері жүйесін ұйымдастыруға қатысу"**

**республикалық бюджеттік бағдарламасының**

**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 409 000 мың теңге (төрт жүз тоғыз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; "Аграрлық секторға кредит берудің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 137 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ауылдық несие серіктестіктерінің жүйесін ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

----------------------------------------------------------------

N|Бағдар.|Кіші |Бағдарла.| Бағдарламаны (кіші | Іске | Жауапты

|ламаның|бағ. | манын | бағдарламаны) |асыру.|атқарушылар

| коды |дар. | (кіші | іске асыру жөніндегі| дың |

| |лама.|бағдарла.| іс-шаралар | мер. |

| |ның | манын) | | зім. |

| |коды | атауы | | дері |

----------------------------------------------------------------

1| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7

----------------------------------------------------------------

1 062 "Аграрлық 1) "Аграрлық несие Жыл Қазақстан

кредит корпорациясы" ЖАҚ-тың бойын. Республикасы.

корпора. жарғылық қорын ұлғай. да ның Ауыл

циясы" туға қаражат бөлу. шаруашылығы

ЖАҚ ауыл. Мына облыстарда қосым. министрлігі

дық несие ша 41 ауылдық несиелік

серіктес. серіктестік (АНС)

тіктері құру жоспарлануда:

жүйесін Ақмола - 3 АНС;

ұйымдас. Ақтөбе - 2 АНС;

тыруға Алматы - 7 АНС;

қатысу Шығыс Қазақстан - 4

АНС;
Батыс Қазақстан - 2
АНС;
Жамбыл - 4 АНС;
Қарағанды - 2 АНС;
Қостанай - 4 АНС;
Қызылорда - 2 АНС;
Павлодар - 3 АНС;
Солтүстік Қазақстан -
2 АНС;
Оңтүстік Қазақстан -
6 АНС;
Құрылатын ауылдық
несие серіктестікте.
рінің жарғылық
қорында "Аграрлық
несие Корпорациясы"
ЖАҚ-тың қатысу үлесі
олардың жарғылық
капиталының жалпы
көлемінің ең кемінде
35 пайызын құрайтын
болады.
2) Негізгі құралдар
сатып алу:
"Аграрлық несие
корпорациясына"
ғимарат;
- автомашиналар 12
бірлік;
- жиһаздар 12 бірлік
- ұйымдастыру техника.
лары 12 бірлік
-------------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: ауылдық несие серіктестіктерінің тиімді жүйесін құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 136 қосымша

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

____________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "ҚазАгроҚаржы" ЖАҚ машина-технологиялық станцияларын (қызмет орталықтарын) құруды, жабдықтауды ұйымдастыру және олардың қызметін жүзеге асыру" 064 республикалық бюджеттік бағдарламасының ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1 000 000 мың теңге (бір миллиард теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңы , "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу, ауыл шаруашылығы техникаларын, қосалқы бөлшектерін, ауыл шаруашылығы құрал-жабдықтарын жөндеу және іске асыру жөнінде кең көлемде қызмет көрсету арқылы қолдау жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: бюджеттік бағдарламаның мақсатқа жету үшін дербес заңды тұлға нысанында, олардың жарғы капиталына азаматтық құқығы бар басқа да субъектілердің қатысу мүмкіндіктерімен, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және ауыл шаруашылығы техникаларын, запас бөлшектерді, ауыл шаруашылығы жабдықтарын жөндеуді іске асыратын, сондай-ақ қызметтердің басқа да түрлерін жүзеге асыратын "ҚазАгроҚаржы " жабық акционерлік қоғамы машина-техникалық станциялар (сервистік орталықтар) құруы ұйғарылып отыр.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

```
-------------------------------------------------------------------
N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты
!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар
!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !
!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !
!коды !ның ! ! !дері !
! !коды ! ! ! !
-------------------------------------------------------------------
```

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 064 "ҚазАгро. "ҚазАгроҚаржы" жабық Жыл Қазақстан
Қаржы" ЖАҚ акционерлік қоғамы. бойында Республика.
машина-тех. ның жарғы капиталын сының Ауыл
нологиялық өсіру. шаруашылығы
станцияла. министрлігі
рын (қызмет
орталықта.
рын) құруды,
жабдықтауды
ұйымдастыру
және олардың
қызметін
жүзеге асыру
Басқа да азаматтық Жыл Қазақстан
құқықтық субъекті. бойында Республика.
лердің қатысу мүм. сының Ауыл
кіндігімен дербес шаруашылығы
заңды тұлғалар министрлігі
нысанында Ақмола,
Шығыс Қазақстан,
Батыс Қазақстан,
Қарағанды және
Солтүстік Қазақстан
облыстарында "Қаз.
АгроҚаржы" жабық
акционерлік қоғамы.
ның алты машина-
технологиялық
станцияларын (сервис
орталықтарын) құру
процедураларын
жүргізу

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері:

- Қазақстан Республикасының әртүрлі аймақтарында алты машина-технологиялық станциялар (сервистік орталықтар) құру;

- машина-технологиялық станциялардың (сервистік орталықтардың) қызметін қамтамасыз ету;

- ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне және басқа да субъектілерге машина-технологиялық станциялардың (сервис орталықтардың) қызмет көрсетуі;

- ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын жақсарту;

- аграрлық секторда қосымша жұмыс орындарын құру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 137 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

___________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Лицензиарлардың функцияларын орындау"**
**079 республикалық бюджеттік бағдарламасының**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 19 458 мың теңге (он тоғыз миллион төрт жүз елу сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 10-бабы ; "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 4 , 6-баптары ; "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; "Ветеринариялық қызметті лицензиялау ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 тамыздағы N 1272 қаулысы ; "Элеваторларда астықты және оны қайта өңдеу өнімдерін, қабылдау, сақтау, қайта өңдеу жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 ақпандағы N 243 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: ауыл, орман және су шаруашылығы саласындағы лицензиялық қызмет түрлерін реттеу.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: заңнамаға сәйкес лицензиялауға жататын ауыл, орман және су шаруашылығы саласындағы қызметтердің түрлерін белгіленген тәртіппен лицензиялау. Ветеринариялық қызмет саласында лицензиялау; пестицидтерді қолдану қызметіндегі лицензиялау, элеватордағы өнімдерді қайта өңдеу және астықты қайта өңдеу, сақтау, қабылдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар
!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !
!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !
!коды !ның ! ! !дері !
! !коды ! ! ! !
----------------------------------------------------------------
1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7
----------------------------------------------------------------
1 079 Лицензиарлар. 7041 дана бланк Жыл Қазақстан
дың функция. өнімін (лицензия) бойында Республика.
ларын орындау дайындау жөніндегі сының Ауыл
қызметке еңбек ақы шаруашылығы
төлеу министрлігі
----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: ветеринариялық қызметті, элеваторлар қызметін лицензиялау; сапалы өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін алу; өнімдердің сақталуын қамтамасыз ету. Осылардың барлығы ауылдық жерлерде ветеринариялық қызметтер көрсету рыноктарының дамуына мүмкіндік береді , мал шаруашылығының өркендеуін қамтамасыз етеді, өсімдік өнімдері өндірісіне, сорттық және себілу сапасын анықтауға (сертификаттау арқылы), игі ықпал етеді; асыл тұқымды мал шаруашылығы және табынды өз төлінен өсіру саласындағы қызметтер мен малдардың асыл тұқымдық құндылығын бағалау саласында заңды және жеке тұлғалардың қызметін реттеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 138 қосымша

ЕСКЕРТУ. 138 қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

________________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Жерді суландыру және дренаж жүйесін жетілдіру жобасына несие беру" 082 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 785521 мың теңге (жеті жүз сексен бес миллион бес жүз жиырма бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Жаңғырту Банкі арасындағы қарыз туралы 1996 жылғы 25 маусымдағы N 4041 - KAZ келісім; Қазақстан Республикасы Халықаралық Жаңғырту Банкі арасындағы қарыз туралы 1996 жылғы 25 маусымдағы N 4041 - KAZ келісім (" Жерді суландыру және дренаж жүйесін жетілдіру жобасы") бекіту туралы" Қазақстан республикасының 1996 жылғы 27 қарашадағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы Халықаралық Жаңғырту Банкі арасындағы қарыз туралы 1996 жылғы 25 маусымдағы N 4041 - KAZ келісімнің күшіне енуіне арналған шарттарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 7 қазандағы N 1237 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың көздері: республикалық бюджет қаражаты, сонымен бірге үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында тұрақты суармалы ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: экологиялық нормалар мен талаптарды, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу мен басқарудың әдістерін жетілдіруді ескеріп қолданыстағы жерді суландыру және дренаж жүйелерін қайта құру және жақсарту арқылы 32 090 га. аланда суармалы егіншіліктің тиімділігін қалпына келтіру, ақпараттық қызметтер көрсету, сондай-ақ агротехника мен суландырудың озық әдістерін оқыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар

!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !

!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !

!коды !ның ! ! !дері !

! !коды ! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 082 Жерді сулан.

дыру және

дренаж жүйе.

сін жетілді.

ру жобасына

несие беру

080 Жобаны сыртқы Мынадай жаңғырту Жыл Қазақстан
қарыздарын объектілері бойынша бойында Республика.
есебінен іске құрылыс-монтаж сының Ауыл
асыру. жұмыстарын аяқтау: шаруашылығы
министрлігі
081 Жобаны ішкі - "Күршім" Шығыс III "Импреджило"
қарыздардың Қазақстан облысын. тоқсан СпА
есебінен іске дағы (3037 гектар)
асыру - "Шаған/Жайық" III "Тоған" ЖАҚ
Батыс Қазақстан тоқсан
облысындағы (1224
га);
- "Дархан" Алматы IV "Бюлент
облысындағы (867 тоқсан Каракоч"
га); компаниясы
- "Дусупово" Батыс III "Тоған" ЖАҚ
Қазақстан облысын. тоқсан
дағы (991 га);
- "Красная поляна" I Қытай гео.
Қарағанды облысын. тоқсан инженерлік
дағы (915 гектар) корпорациясы
----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: суармалы жерлерді қалпына келтіру, қалпына келтірілген жерлердің өнімділігін арттыру, "Жерді суландыру және дренаж жүйесін жетілдіру" Жобасы шеңберінде суландыру және дренаж жүйелерін қалпына келтіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 139 қосымша

ЕСКЕРТУ. 139 қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 01 шілдедегі N 150г қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
___________________________________

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және жерді қалпына келтіру жобасына несие беру" 083 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1612238 мың теңге (бір миллиард алты жүз он екі миллион екі жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасы мен Азия даму банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы N 1592/1593 (SF) ҚАЗ қарыз туралы келісім; Азия даму банкінің арасындағы қарыз туралы келісімі; Қазақстан Республикасы мен Азия даму банкі арасындағы 1998 жылғы 25 наурыздағы N 1592/ 1593 (SF) ҚАЗ N 1592/1593 (SF) "Қарыз келісімін бекіту туралы (Су ресурстарын басқаруды жетілдіру және жерді қайта қалпына келтіру жобасы) Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты оның ішінде Үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасында тұрақты суармалы егіншілікті дамыту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Экологиялық нормалар мен талаптарды жаңғыртылған суармалы және дренаж жүйелерін жаңғырту және жақсарту арқылы Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданында 39,2 мың гектар алаңда суармалы егіншілікті қалпына келтіру, пайдалану және техникалық қызмет көрсетудің, егінді суарудың және агротехниканың тәсілдерін оқыту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

-----------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар

!лама.!дар. !бағдарлама.!іске асыру жөніндегі!мер. !

!ның !лама.!ның) атауы ! іс-шаралар !зім. !

!коды !ның ! ! !дері !

! !коды ! ! ! !

-----------------------------------------------------------------

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

-----------------------------------------------------------------

1 083 Су ресурс.

тарын бас.

каруды же.

тілдіру

және жерді

қалпына

келтіру

жобасына

несие беру
080 Жобаны 1. Жобаның 1 кезең. Жыл Қазақстан
сырттан інде 23 868 гектар бойында Республика.
қарыз алу аланда құрылыс сының Ауыл
арқылы іске жұмыстарын жүргізу. шаруашылығы
асыру министрлігі
081 Жобаны ішкі 2. Жобаның 2 кезең. Жыл Қазақстан
көздер інде 15 391 гектар бойында Республика.
арқылы іске аланда құрылыс сының Ауыл
асыру жұмыстарын жүргізу. шаруашылығы
министрлігі
----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудың күтілетін нәтижелері: егін түсімділігін арттыру, жобадағы есептеулер бойынша таза кірістерді 28% арттыру, тұрғындарды еңбекпен қамтуды 21%, күрделі қаржы жұмсаудың тиімділігі 26% болуы тиіс. Мақтаның түсімділігі гектарынан 15,5-нан 25 центнерге дейін, жүгері дәнінің гектарынан 17-ден 54 центнерге дейін, жоңышқа гектарынан 34,3-тен 89 центнерге дейін өседі. Су ресурстарын үнемдеу бірте-бірте 16,9-дан 23,1 миллион текше метрге дейін жетеді. Жүйенің пайдалы жұмыс коэффициенті 0,60-дан 0,80-ға дейін жеткізілетін болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1429 қаулысына 140 қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

________________________________________
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2003 жылға арналған "Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға жергілікті бюджеттерге кредит беру" 084 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 4 500 000 мың теңге (төрт миллиард бес жүз миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығы ; "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджетті орындау бойынша және есеп беру нысандарын енгізу (кезеңдік және жылдық) қаржы процедураларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджет қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жергілікті бюджет арқылы несие ресурстарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді одан әрі несие беру үшін жергілікті бюджеттер арқылы несие беруді қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары:

---------------------------------------------------------------

N!Бағ. !Кіші !Бағдарлама.! Бағдарламаны !Іске ! Жауапты

!дар. !бағ. !ның (кіші !(кіші бағдарламаны) !асыру! атқарушылар

